

**«Қараөзек ауылының ЖОББМ» КММ дефектологының 2023-2024 оқу жылындағы  
жартыжылдық жұмыс есебі.**

Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында дефектолог мұғалімнің бақылауына 19 оқушы алынды. Соның ішінде даярлық сыныбында 3 оқушы:

1. Маралбек Рүстем – 0 «А» сынып
2. Хабибуллина Елизаветта – 0 «Б» сынып
3. Асылбек Нұрәли – 0 «Б» сынып

Бастауыш және орта буындағы сыныптарда 16 оқушы:

1. Амина Манарбек – 1 «а» сынып
2. Кәрім Бауыржанұлы – 1 «а» сынып
3. Нұрислам Нұрсұлтанұлы – 1 «а» сынып
4. Нұрәли Бириқжан – 1 «а» сынып
5. Ералы Асылбекұлы – 2«а» сынып
6. Ислам Қызырбекұлы - 2«а» сынып
7. Ердәулет Гавьятұлы - 2«а» сынып
8. Рамазан Ермұратұлы - 2«а» сынып
9. Хакназар Ықыласұлы - 2«а» сынып
10. Мейіржан Болатхан- 2«а» сынып
11. Айқын Өнербек- 2 «а» сынып
12. Озат Әділ – 4 «а» сынып
13. Асылбек Оразәлі – 4 «а» сынып
14. Нұрдаулет Сызханұлы - 5«а» сынып
15. Нұрислам Еркінбай - 5«а» сынып
16. Ерасыл Маулен - 6«а» сынып

Осы оқушылармен жұмыстануда жеке диагностикалық және топтық жұмыстар өткізу үшін сабақ кестесі құрылды. Әр оқушыға жеке диагностикалық сабақтар 30-35 минуттан, аптасына 2 рет барлығы 60-70 минут. Топтық жұмыстар 45 минуттан, аптасына 2 рет барлығы 90 минут.

Балалардың жасын, даму деңгейін ескере отырып , топқа бөлу және жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы күнтізбелік жоспар құрылып, сабақ кестесі жасақталды. Қажетті көрнекі құралдар анықталып, дайындалды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға бір-бірімен қарым –қатынасындағы , тәртібіндегі қиыншылықтарды түзету және сауықтыру арқылы қолдау жасалып, көмек көрсетілді. АППК ұсынысы бойынша даму ерекшеліктеріне байланысты балаларға түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Түзету-дамыту жұмыстарына ата-аналары белсенді жұмыстануға тартылып , сауалнамалар өткізілді. Қыркүйек айында мектептен 3 оқушы ПМПК-ға жіберілді.

Әкімшілік тарапынан дефектолог- мұғалімнің жұмысын мектеп директоры және оқу ісінің меңгерушісі қадағалап отырады. Түзету-дамыту блогынан мектеп психологі мен әлеуметтік педагогтың көмектері көрсетіліп отырады.

Психикалық дамуы баяу балалармен жұмыс барысында білім беру және тіл дамыту, қандай дыбыстарды дұрыс дыбыстай алмайтынын тексере отырып , оқушылармен мынандай жұмыстар жасалды: артикуляциялық жаттығулар, дыбыстарға байланысты тақпақтар, жаңылтпаштар жаттатқызылды. Өмірге бейім болу үшін түстерді айыра білу, жыл мезгілдерін, оң мен солды, өз мекен-жайын, ата-анасының қайда жұмыс істейтінін, таза мен ласты айыра білу үйретілді. Бұл оқушылардың деңгейіне қарай жеке тапсырмалар берілді. Суреттермен жұмыс, логикалық тапсырмалар берілді. Логикалық ойлауын дамыту мақсатында оқушыларға «Артық затты тап», «Кубик бөліктерінен суретті құрастыр» т.б тапсырмалар беріліп отырды. Бұл оқушыларға деңгейіне қарай жеке тапсырмалар берілді.

Жоғарыда көрсетілген оқушылардың сабақтарына қатынасып отырамын. Оқушылардың барлығы жан-жақты, белгілі бір ептіліктеріне қарай жұмыстанып, өз қабілеттіліктерін шыңдауда.

Дефектолог – мұғалім:



Жуматова А.Б.

